

№67 гимназиясы мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы  
Тақырып: «Білім беру жүйесіндегі критериялды бағалау»

**Хаттама №5**

күні: 15 қараша 2019 жыл  
уақыты: 18.00  
өтілетін орны: АКТ залы  
қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары

**Күн тәртібі:**

1. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау көрсеткіші – *Г. Абдраманова*  
*гимназия директоры*
2. Критериялды бағалау- өзекті мәселе - *С. Абылкасова*  
*директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары*
3. Қалыптастырушы бағалауды жүргізудің тиімділігін талқылау-  
*Ә. Бектасова ғылыми ісі жөніндегі орынбасары*
4. «Оқушы үні» оқушылардан алынған деректер нәтижесін таныстыру –  
*Г. Абдраманова гимназия директоры*

**Тыңдалды:**

1. Гимназия директоры Г. Абдраманова 2019-2020 оқу жылының I оқу тоқсанының білім сапасымен таныстырып өтті. 2018-2019 оқу жылының қорытындысы мен биылғы оқу жылының I тоқсаны бойынша салыстырмалы түрде білім сапасының 58% -ден 52% -ға төмендеудің бар екендігі көрсетілді. Себебін анықтай келе оқушылардың білімін жетілдірудегі қалыптастырушы бағалау жүйесіне әлі де оқушы мен ата-аналардың толық түсініктерінің болмауы да әсерінен екені, сол үшін де осы ата-аналар жиналысында бағалауды жан-жақты түсіндіру мақсатында жүргізіліп отырғаны айтылды. I тоқсанның білім сапасын талқылауда 09.11.2019ж. күні педагогикалық кеңесте оқушының оқуын жетілдірудегі қалыптастырушы бағалаудың жүргізілуі және кері байланыстың берілу жағдайының проблемаларының анықталғаны жайында айтылды. Осыған орай гимназия тәжірибесіндегі «Оқушы үні» жобасы негізінде 7-11 сыныптарында оқушылардың SWOT талдауы тыңдалды. Оқушылардың пікірінде қаралған мәселелердің бірі сабақта кері байланыстың өз деңгейінде толық жүргізілмеуі, оқушылардың өзара және өзін-өзі бағалау жүргізулері әлі де толық жүзеге асырылмай отырғаны, басқа да кедергілердің кездесуі бар екенін ескертіп өтті. Сондықтан ата-аналар үйде баламен жұмыс жасауда бүгінгі сабақта қандай тақырыпты түсінгенін, не үйренгені, нені жетілдіру қажет тұстарына көңіл бөлулерін сұрады. Сонымен қатар білім сапасының төмендеу жағдайының бір себебі 5 сыныптардың орта буынға бейімделуіне зерттеу жүргізілді.

2. « Критериалды бағалау- өзекті мәселе» директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С. Абылқасова жаңартылған білім мазмұны талаптары бойынша критериалды бағалау оқушының күнделікті сабақта оқуын жетілдіруге тиімді бағалау жүйесі екенін түсіндіріп өтті. Осы мәселеге қатысты ата-ана Шолпан Жаңабайқызы баласының сабақтағы БЖБ мен ТЖБ тапсыруда бағаларының сәйкес келмейтіні туралы сұрағына директор Г. Абдраманова әр сабақта оқушы өзіне кері байланыс алып отыруы керек, оны ата-ана да үйде балаға айтып түсіргені дұрыс. 18-22 қараша күндері арасында сабақты зерттеу тәжірибесі жүргізіледі, сол уақытта ата-аналар үшін «Сыныпты бақылау» тәжірибесінге қатысып баласының сабақтағы қалай оқитыны, мұғалім мен оқушы арасында кері байланыстың қалай жүргізілетінін бақылауларына болатынын айтып өтті.
3. Қалыптастырушы бағалауды жүргізудің тиімділігін талқылау ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Ә. Бектасова ата-аналарға кәзіргі қалыптастырушы бағалаудың маңызы, оқушының білімін өз бетінше жетілдіруге, бұрынғы бағалар сияқты салыстырмалы түрде емес екендігіне тоқталды. Бұрын «4», «5» деген бағамен бағаланып оқушының білімі салыстырмалы түрде жүргізілді, әрине ол жүйенің де өзіндік тиімділігі болды бірақ кәзір жаңартылған білім мазмұнына сәйкес баланың оқуын ілгерілету , оны өмірде қолдануға оқушыға мүмкіндіктер беру мақсатында қалыптастырушы бағалау жүргізілу енгізілді. Бұл бағалау жүйесі өзгертілмейді. Ата-аналар да осы бағалауға қалыптасып, баласының білімінің қалай жетілдіріп жатқанынан баса назар аударуы қажеттігі айтылды.
4. Гимназия директоры Г. Абдраманова «Оқушы үні» оқушылардан алынған деректер нәтижесін таныстырды. Оқушылардан ашық сұхбат барысында сабақтағы кедергілерді анықтау, оның шешу жолдарын қарастыруда балалардың өздерінен ұсыныс, пікірлері тыңдалды. Сабақтағы көп кездесетін кедергі әр оқушының ұялы телефонға тәуелді болуы. Ол сабақта кері әсері көп , басқа оқушыларға кедергі болатыны, кейде ата-аналардың да сабақ кезінде балаларына қоңырау шалуы мен хабарламалар жіберуі де оқушыны сабақтан аландатаны айтылды. Сол себепті оқушылардан мынадай ұсыныстар түсті:
  - Ұялы телефонды 1-ші сабақтан сынып жетекшіге тапсыру (шкафқа, қорапқа салу);
  - Ұялы телефонды мектепке әкелмеу;
  - Қымбат емес, жәй телефон ұстау;
  - Ұялы телефонды әр сабақ сайын пән мұғаліміне тапсыру;
  - Ұялы телефонды сабақ кезінде дыбысын өшіру;
  - сабақ басында ұялы телефонды мұғалімнің столына қойып, сабақ аяқталғанда алу - енді осы ұсыныстарға ата-аналардың қандай пікірлеріңіз бар дегенде телефонды әр сабақ сайын пән мұғаліміне тапсырылса, сабақтан кейін алса. Кей сабақтарға телефонды қолдану яғни деректерге байланысты мұғалімнің рұқсатымен ғана қолдануға болатыны туралы өз ойұсынысытарын білдірді.

Жиналыс соңын қорытындылауда директор Г. Абдраманова ата-аналарға оқу жылының басында оқу-тәрбие процесіндегі анықталған кедергілерді жоюда бірлескен жұмыстар арқылы нәтижеге жету, алдағы уақытта мектеп пен сынып жетекшілермен тығыз байланыста болуы мәселелердің шешілуіне ықпалы болатыны айтылды. Сонымен қатар әр тоқсан аяқталған күні «Шеңбер» ашық диалог алаңының жүргізілетіні, онда пән мұғалімдері ата-анаға оқушының БЖБ мен ТЖБ жұмыстарын көрсетіп, оны жетілдіруге жұмыс жасайтыны жайында түсіндіріп өтті.

Қаулы:

1. Оқушылардың оқу жетістігін бағалауда және білім сапасын арттыруда 18-22 қараша күндері сабақты зертеу тәжірибесіне «Сыныпты бақылау» тәжірибесінің жүргізіліп, ата-аналарға арналған ашық есік күні өткізілсін.
2. Критериалды бағалау жүйесінің сабақта оқушының оқуын жетілдіруге кері байланысты дұрыс және уақытылы жүргізілуін пән мұғалімдері сабақта қолдану дағдысын қалыптастыру
3. Қалыптастырушы бағалауды жүргізудегі оқушыға берілетін мұғалімнің кері байланысы мен ата-ана тарапынан баланың білімін жетілдіруіне қадағалауы күшейтілсін.

Гимназия директоры:  Г. Абдраманова

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:  Г. Оналбаева

